

**«Достық сабағы» тақырыбында
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу
ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. «Достық сабағы» тақырыбында республикалық интернет-байқауды (бұдан әрі - Байқау) жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері сондай-ақ, жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің арасында қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: толеранттық қарым-қатынас және этномәдени құндылықтарға деген құрмет саласындағы педагогикалық тәжірибені анықтау, халықтар тарихы мен мәдениеті туралы білім мен түсінік деңгейін арттыру мақсатында.

3. Байқау міндеттері:

1) Қазақстан Республикасында мекен ететін халықтардың түрлі мәдениеттерімен таныстыру, білім беру ортасындағы толеранттық деңгейді арттыру;

2) тәрбиелеудің интерактивті әдістерін пайдаланып сабақтан тыс іс-шараларды өткізу бойынша педагогикалық тәжірибені тарату;

3) балалар ортасындағы ұлттық тұрғыдан экстремизмнің пайда болуының алдын-алу.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2016 жылғы 20 сәуірге дейін spo.konkurs@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

Анықтама телефоны: 8(7172)249303, көркем-эстетикалық бөлім әдіскері Абикаликова Аида Пансатқызы.

7. **2016 жылғы 20 сәуірден** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. **Байқауға қатысу үшін 3000 (үш мың) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы мақсаты: «Достық сабағы» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **spo.konkurs@mail.ru** электронды пошта арқылы жіберу қажет.

9. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздары туралы ақпарат **www.ziyatker.org** сайтында **2016 жылғы 30 сәуірде** орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

10. Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері сондай-ақ, жоғары оқу орындары мен колледж студенттері қатысады:

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) сыныптан тыс сабақ презентациясы;
- 2) сыныптан тыс сабақтардың сценарийі.

12. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады.

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

«Сыныптан тыс сабақ презентациясы», номинациясы бойынша Power Point электрондық форматында орындалуы тиіс, 12-15 слайдтан артық болмауы керек.

«Сыныптан тыс сабақтардың, сынып сағатының сценарилері», номинациясы бойынша байқау жұмыстарына, әзірлеменің негіздемесін, оның мақсаты мен міндеттерін, іс-шара барысының сипатын, педагогикалық әдістер мен тәсілдердің, сондай-ақ қолданылатын интерактивтік оқыту әдістері (A4 форматында, 14 шрифтінде, интервал аралығы-1) қабылданады.

13. Байқау жұмысында автор туралы мәліметі титул парағы болу керек.

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

14. Байқау жұмысының титул парағының ресімделуі:

- 1) автордың толық аты-жөні;
- 2) облыс, аудан (қала), ауыл;
- 3) білім беру ұйымының аталуы;
- 4) байқаудың және номинацияның аталуы;
- 5) байланыс телефоны;

15. Байқау өлшемдері:

- 1) байқау тақырыбына және номинациясына сәйкес болуы;
- 2) тұтас автордың материалы болуы;
- 3) тәжірибелін мәнінің болуы;
- 4) кеуінен қолдану мүмкіндігінің болуы;
- 5) байқау жұмысын сауатты және эстетикалық түрде ресімделуі;
- 6) бастауыш мектеп білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып презентацияны;
- 7) презентация мен сабақ әзірлемейін логикалығы мен сауатты түрде ресімделуі.

3. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау

16. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, сертификаттардың электронды нұсқалары мына: <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сілтеме бойынша жүктеп алу мүмкіндігімен www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.